

# ЕСЕПТІ ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

Kcell

## Наурыз

Уақыт белдеуін UTC+5-ке өзгерту Компания процестеріне және абоненттерге өсер етпестен Компанияның барлық ақпараттық жүйелерінде (200+ платформа) сәтті жүзеге асырылды.

Kcell су тасқынынан зардап шеккен Қазақстанның бес аймағының тұрғындарына қолдау көрсетуді шешті. Су тасқынынан зардап шеккен елді мекендердің тұрғындары 10 гигабайт интернет-трафикті, кез келген операторлардың желісіне 50 минут қоңырауларды, сондай-ақ 50 тегін SMS қамтитын тегін топтамаға ие болды.

## Мамыр

Танымал онлайн ойындарда сатып алуларды төлеуге болатын бонустарды («имбакстарды») алу мүмкіндігі бар «Имба» тарифтік жоспары іске қосылды.

## Қаңтар

Дилерлермен және бөлшек сауда серіктестерімен электрондық құжат айналымын енгізу.

## Қазан


Digital Rights Center Qazaqstan Kcell-ді цифрлық құқықтарды сақтау рейтингі – Digital Rights Rating бойынша Telecom секторындағы үздік компания деп таныды.

Үлкен деректермен жұмыс істеу жүйесін (SmartEvent Processing) толық жаңғырту оқиғалардың түрлерін көбейтуге, абонентке қолайлы қызметтерді ұсына отырып, онлайн жауап беруге (кірген интернет-ресурстарына, абоненттің орналасқан жерінің өзгеруіне, құрылғыны өзгертуге, қызметтерді пайдалануға байланысты) мүмкіндік берді.

## Шілде

Kcell Center қызметкерлері үшін операторлардың 8 түрлі жүйеде жұмыс істеу уақытын қысқартуға мүмкіндік берген қызмет көрсету және сату бойынша бірыңғай интерфейс енгізілді.

Радио желісіндегі жұмыстар бойынша MOCN жобасы шеңберінде MTC АҚ-мен деректер алмасу автоматтандырылды.



## Ақпан

Kcell «ақ хакерлер» деп аталатын адамдар цифрлық жүйелер мен қызметтердегі қателер мен ақауларды анықтайтын қазақстандық BugBounty зерттеу бағдарламасына қосылды.

## Сәуір

ҚР бойынша барлық дилерлер үшін сату және абоненттерге қызмет көрсету үшін бонустар алуға мүмкіндік беретін Android құрылғыларына арналған қосымша іске қосылды.

## Маусым

Абоненттерді сәйкестендіру және қызмет көрсету уақытын қысқарту, сондай-ақ бірқатар процестерде міндетті биометрияға қатысты реттеушілік талаптарды орындау үшін Компанияның процестеріне жеке тұлғалар биометриясының жаңа жүйесі енгізілді.

Компания 11 бағытты, соның ішінде Big Data және CVM, ақпараттық қауіпсіздікті, тәуекелдер мен дебиторлық берешекті басқаруды, цифрлық қызметтерді, бизнес-жобаларды бақылауды, қаржыны, техникалық тексеруді және т.б. қамтитын, студенттерге арналған ақылы тағылымдама бағдарламасын іске қосты.

## Қыркүйек

Ұлттық ақпараттық қауіпсіздік үйлестіру орталығы ұйымдастырған кибержаттығулардың нәтижелері бойынша Компания мамандары жедел ақпараттық қауіпсіздік орталықтары ішінен үздік деп танылды.

## Қараша

Fitch Ratings агенттігі Kcell кредиттік рейтингін тұрақты болжаммен «BB+» деңгейінде растады.

Басқару мен төлемдердің барлығын отағасы жүргізетін отбасылар мен үй шаруашылықтарына арналған тарифтік жоспарлар іске қосылып, бұл отбасы мүшелерінің қызметтерге уақытылы төлем жасамау тәуекелдерін барынша азайтуға көмектеседі.